






ПЕРИТОНИТ

Қабылдаған оқытушы: Анваров Б.С.
Орындаған студент: Зарқын Ә.М.

**Перитонит —
жергілікті және
жалпы
белгілермен қатар
өтетін ішперде
қабынуы.**





Іріңді перитониттің ауыр түрлерінен адамның қаза болу жағдайлары 25-30% құрайды, ал полиоргандық жеткіліксіздік дамығанда - 80-90%.

Перитонит кезінде шұғыл хирургиялық әрекет жасалуы тиіс, яғни ота қаншалықғы ерте жасалса, ауру болжамы да соншалықты жақсы болмақ.



*Перитонит дамуының
негізгі себебі —
инфекция. Сырқат
микробты,
асептикалық болып
бөлінеді*

ОНЫҢ ЕРЕКШЕ ТҮРЛЕРІ

канцероматоздық



паразиттік



ревматоидтық



гранулематоздық


Перитонит клиникасы бойынша жіктеледі

Жіті

экссудат және сарысу сипаты бойынша серозды, фибринозды, серозды-фибринозды, іріңді, фибринозды-іріңді, шіріген, геморрагиялық, құрғақ болып бөлінеді.

Созылмал ы

туберкулездік, паразиттік, канкрозды асцитперитонит, т.б.





Перитонит ауруының жалпы белгілері:

- » Іштің ауырсыну сезімі;
- » лоқсу және құсу белгілері;
- » қарын бұлшық еттерінің қатаюы;
- » Щеткин- Блюмберг белгісінің пайда болуы;
- » науқас адамның дене қызуының көтерілуі; —
- » қан құрамында өзгерістердің пайда болып , ақ қан түйіршіктерінің мөлшері көбейіп, лейкоциттер саны 12-15,9/л дейін жетіп, эритроцит шөгу жылдамдығы көрсеткіштерінің көтерілуі.

Аурудың дамуы үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке, тіпті одан да ұзаққа созылуы мүмкін. Бұл кезеңде құрсақ қуысындағы қабыну үдерісі әлі дамымайды, жергілікті перитонит жайылған перитонитке ауысады. Әрине, перитониттің туындау себебіне қарай ауру әр адамда әрқалай дамиды. Яғни науқастың іші қатты ауыруы немесе ешқандай ауырсыну сезімі болмауы да мүмкін.





Екінші кезеңде іштегі жел шықпайды, науқас үлкен дәретке отыра алмай қалады, зәрінің түсі қоюланады, кіші дәретке отыру ауырсыну әкелуі мүмкін. Тік ішек арқылы зерттеу ауырсыну әкеледі. Науқас бұл кезеңде ақыл-есін сақтайды, бірақ оқтын-оқтын қозып, сандырақтауы мүмкін. Көбіне еңсесі түсіп, көңіл-күйі нашарлайды.

Үшінші кезең – қайтымсыз кезең. Ауру басталған соң 3 тәуліктен немесе одан кештеу басталады, 3-5 тәулікке созылады. Науқастың жағдайы өте ауыр. Ақыл-есі шатысады, кейде эйфория байқалады. Терісі бозғылт, сарғайған, цианоз. Іші мүлде ауырмайды деуге болады.

Тынысы терең емес, аритмиялы, тамыр соғысы жиі әрі әрең білінеді, қан қысымы төмен. Ауру адам біресе қимылсыз жатады, біресе аласұрады, селк етіп шошиды, көзі көмескіленеді. Іші торсиып, ұстап көргенде ауырсынбайды, тыңдағанда — тым-тырыс.




ДИАГНОСТИКАСЫ



ЖҚА



БХА



Коагулограмма



**Қышқылдық
сілтілік жағдайды
анықтау**



Жалпы зәп анализі



ЭКГ




**Keудe қуысы
рентгенографиясы**



**Құрсақ қуысы
рентгенографиясы**


Емі




лапаротомия



перитонит көзін ерте алып тастау немесе оқшаулау



құрсақ қуысын интра- және отадан кейін санациялау



аш ішекті жаншылудан босату(декомпрессиялау)



массивті антибактериялық ем



гемокоррекция

Мәліметтер алынған сайттар:

- <http://bilim-all.kz/article/7107-Peritonit>
- <https://yandex.kz/images/search?pos=146&p=3&img>
- <https://kazmedic.org/archives/476>
- <http://ikaz.info/ishastardy-abynuy-peritonit/>

СОЩЫ